bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Уақыт – біздің құндылығымыз

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 02.05.2020 | https://bilimger.kz/72811/ |

**Түркістан облысы**

**Арыс қаласы**

**С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі**

**Бастауыш пән мұғалімі:**

**Оразова Гульнур Балабековна**

| | |
| --- | --- |
| **Пән:**Әдебиеттік оқу | **Мектеп: С.Сейфуллин** |
| Күні:21.01.2020ж | **Мұғалімнің аты-жөні:** Г.Оразова |
| **Сынып:**4В | **Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтақырыбы** | **Уақыт – біздің құндылығымыз** |
| **Осысабақтақолжеткізілетіноқумақсаттары (оқубағдарламасынасілтеме)** | 4.2.3.1 Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу<br>4.2.9.1 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және<br>тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде<br>көрсету |
| **Сабақмақсаттары** | **Барлықоқушылар**: Өлеңніңнегізгіойынанықтайотырып, автордыңойынмәтіндеректерінмысалғакелтіреотырыпдәлелдейді.<br>**Көптегеноқушылар**: Уақыттытиімдіқолдануүшінбіркүндікережеқұрастыраалады.<br>**Кейбіроқушылар**: Ақпараттысызбатүріндебереалады. |
| **Жетістіккритерийлері** | Диалогкеқатысады;<br>мұғалімніңкөмегіменмәтіндегінегізгіойдыанықтайалады.<br>Берілгентақырыпбойыншаөзкөзқарасынбілдіріп, ой қорытужасайалады.<br>Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі. |
| **Құндылықтардыдарыту** | Оқушылардыбір-бірінедегенқұрметкөрсетуінетәрбиелеу. |
| **Пәнаралықбайланыстар** | Сабақбарысындажаттығулардыорындау, сын есімдіанықтауғаарналғанәдебиеттікоқупәнненалғанбілімдерінпайдаланады. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | |
| **Бастапқыбілім** | Жалпы құндылық, уақыт туралы ұғымдары қалыптасқан, оларды ажырата алады. |
| **Сабақтың барысы** | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Жаңа топ құру**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>Мұғалім: — Екі көз не үшін керек?<br>Оқушы: — Жақсыларды көру үшін.<br>Мұғалім: — Екі құлақ не үшін керек?<br>Оқушы: — Ақыл – кеңес тыңдау үшін.<br>Мұғалім: — Екі қол не үшін керек?<br>Оқушы: — Елге көмек беру үшін.<br>Мұғалім: — Екі аяқ не үшін қажет?<br>Оқушы: — Шетте жүрсең,<br>Туған жерге жету үшін<br>Мұғалім: — Ал басың не үшін керек?<br>Оқушы: — Бәрін-бәрін ойлау үшін.<br><br>Оқушылар ақындар және жазушылар арқылы топқа бөлінеді.<br>Оқушылар орындықтың астына жасырылған стикерді алып, топтарға бөлініп отырады.<br>**1-топ «Ақындар»**<br>**2-топ «Жазушылар»**<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз!<br>Нақты,дәл жауап береміз!<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**<u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u>**<br>**<u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u>** | Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.<br><br>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтыңортасы** | **«Ойыңмен бөліс» айдары**<br>– Өзің уақытты тиімді пайдаланып жүрсің бе?<br>(МК, Ұ) «Зигзаг» әдісі арқылы өлеңмен және Абай Құнанбаевтың өмірбаянымен таныстыру жүргізу.<br>1-қадам: Өлең тақырыбы мен авторын анықтау<br>2-қадам: Автордың өмірбаянымен танысу<br>3-қадам: Автор шығармашылығымен танысу<br>4-қадам: Сөздікпен жұмыс<br>**Махрұм – бос қалу, құр қалу**<br>**Медресе – ислам дінін оқытатын орта және жоғары оқу орны**<br>**Шен алу – дәреже, атақ алу**<br>5-қадам: Сұраққа жауап бер<br>— Өлеңдегі кейіпкер не үшін өкінеді?<br>-Ақынның сұрағына қалай жауап берер едіңдер?<br>Сараптау тобы мәтін бөлігін топта талдап, өзге оқушыларға тиімді түсіндіру жолдарын қарастырады.<br>ҚБ: сұраққа дұрыс жауап берген оқушыларды мадақтау<br>«Оқы» айдары<br>6-қадам: Абай Құнанбайұлының он бесінші қара сөзі<br>Абай 10 тамыз 1845 ж. қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туған.<br>Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.<br>Әуелі — пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.<br>Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмай-ды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.<br><br>– Абай атаның бұл қара сөзінен өзіңе қандай ой түйдің?<br>ҚБ: сұраққа дұрыс жауап берген оқушыларды мадақтау.<br>**Сергіту сәті:**<br>**«Кулерәдісі»**<br>Оқушылар екі қолымен бірдей сурет салады.<br><br>Т.Ж<br>1топқа Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің тізімі<br>2топқа Абай Құнанбайұлының суреті<br><br>(Т) 7-қадам: Мұғалімнің көмегімен бұл мәтіндердегі негізгі ортақ ойды бір сөйлеммен айтуды ұйымдастырады.<br>ҚБ: оқушылар жауабын тыңдау, мадақтау<br>Айбардың 5 сағат бос уақытын пайдалануын диаграмма бойынша түсіндір. Оқушының қорытынды ойын тыңдау<br>**«Есіңе түсір» айдары**<br>**Өлең**-белгілі буын өлшемі бар,ырғаққа ұққасқа құрылған көркем сөз. | Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br>Белсенді оқу тапсырмалары. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | (Ж) «Қорытындыла» айдары бойынша<br>Мұғалімнің көмегімен бұл мәтіндердегі негізгі ойларды бір сөйлемменайт.<br>Сонымен, ұлы кемеңгер, ойшыл Абай ақынның сөздері халқы үшін, халқының пайдасы үшін жазылған мол мұра боп, кейінгі ұрпағына адасқанда жол сілтер, шөліркесе сусын болар мәңгі өлмес, өміршең дүниелер боп, ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келеді.<br>Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе» деп, кейінгілерге қалдырған өнегелі сөзінің өзінен көп сырды аңғаруға болады.<br>Абай шығармаларын оқып, қажетімізге жаратсақ, ол біздің ақын рухына деген құрметіміз болмақ.<br>Біз сабақтың басында әр түрлі түсті қағаздарды таңдап алған болатынбыз .Енді әр түстің негізгі ұғымдарын түсінейік.Алда Тәуелсіз мемлекетіміздің қасиетті төл мерекесі келе жатыр.Сол себептен мына көк қағазымызға осы отырған қонақтарға,өзімізе және барша халқымызға тілегімізді білдірейік.<br><br>***<u>Дескрипторы:</u>***<br>1. Оқылған, тыңдалған өлең, мәтіндердегі түйінді ойларды қорытып, пайдаланады.<br>2. Өз ойын түйіндеп жазады.<br>ҚБ: «Ду қол шапалақ»<br>**Үйге тапсырма:** Абайдың он бесінші қара сөзін оқиды.<br>Үлкендердің көмегімен «Абай әндері» тақырыбына тізім жасайды.**<u>ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</u>**<br>**Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)**<br>Кері байланыс. | Түрлі түсті суреттері бар журналдар, желім<br><br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырма лары арқылы білдіре алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Саралау. Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Дереккөздер: Кейбір оқушылар басқасыныптастары на қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей алады. | |
| **Бағалау. Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | Бағалау парақтары | |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>**Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?**<br>**Бүгін оқушылар не білді?**<br>**Сыныптағы ахуал қандай болды?**<br>**Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?**<br>**Мен сабақжоспарымды орындап үлгердім бе?**<br>**Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?** | | |
| **Қорытынды бағалау** | | |
| Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1.<br>2. | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.